



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Юрисдикциядан иммунитет. 2-бөлім





Тұлға проблемасы

Малколм Шоу юрисдикциядан иммунитет аясындағы тұлға проблемасын екі санатқа бөледі. Бірінші санат – Үкіметтің құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ Үкімет құрамында немесе жекелеген заңды тұлға ретіндегі бөлімшелеріне арналған. Екінші санат лауазымды тұлғалардың юрисдикция иммунитетіне арналады. Абсолют және шектеулі иммунитет территорияларының қайсысы болмасын, бастысы – иммунитетті қолдану үшін тұлғаны (субъектіні) анықтау. Жалпы, егер субъекті мемлекеттік аппаратқа қатысы болмаса, иммунитет туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Лорд Шоу Trendtex Trading Corporation Ltd v. Central Bank of Nigeria (Трендекс сауда корпорациясы мен Нигерия Орталық банкі арасындағы) істе мәселенің мән-жайын мұқият тексеріп алмай тұрып иммунитет атрибуциясынан, яғни иммунитетті жайдан-жай бере салудан абай болуға шақырды. Әсіресе, үкіметтік қызметтің түрі көбейген тұста, өйткені оның қабылдауы әжептәуір дауға ұласты. Тіпті үкімет департаменті ішкі құқық бойынша дербес құқықтық субъектілікке ие болса да, иммунитетті иеленуге құқығы бар. Бұл мәселе Trendtex ісінде кеңінен талқыланды. Егер өткен сабақтан естеріңізде болса, дербес заңды тұлға ретінде тіркелу фактісін Vaccus SRL v. Servicio Nacional del Trigo ісінде де мысалға келтірдік. Ол істе судья Дональдсон да, судья Денинг те дербес заңды тұлға да иммунитетке ие бола алатынын айтқан еді, яғни тұлға дербес заңды тұлға ма әлде үкіметтің құрамдас бөлігі ме деген мәселені анықтау аса шешуші фактор емес. Ең маңыздысы, оның анықтауға қандай заңның қолданылатыны.

Әр мемлекеттің өзіндік инкорпорациялау ережесі бар. Мұндай айырмашылық мемлекеттік органдарға да қатысты болуы мүмкін. Осы жерде «ағылшын құқығы шетелдік құқықтық жүйенің тұжырымдарын қабылдау қажет пе?» деген сұрақ туады.

Vaccus ісінен байқағанымыздай, бұл мәселеде шетел құқығы шешуші рөл ойнайды. Дегенмен халықаралық аренадағы субъектінің (тұлғаның) статусы да өзіндік рөлі бар. Әдетте статус туралы мәселе көтерілген мемлекеттің заңына сай шешіледі. Трендтэкс (Trendtex) ісінен көргеніміздей, Нигерия корпорациясының құрылымы мен құзыреті Нигерияның ішкі (ұлттық) құқығына сай анықталды. Алайда Нигерия банкі үкіметтің департаменті, яғни бағынышты құрылымы болып табыла ма деген мәселе ағылшын құқығына сай қаралды. Сонымен қатар, тұлғаны (субъектіні) құру мен қызметін реттеуге қатысты құқықтық нормалар қабылдау мен сол субъектіні басқару деңгейін реттеуде мемлекет айрықша маңызға ие. Trendtex ісінде судья Стефенсон өз шешімін осы көзқарасқа негіздейді. Оның айтуынша, Субъектіні құру жөніндегі құқықтық нормалар бойынша банктің үкіметтік орган ретінде көрсетілуі маңызды емес, тек банк өзін Нигерия үкіметі Нигерияның 1958 жылғы Орталық банк туралы заңы мен соған сәйкес қаулыларының негізінде құрғанын дәлелдеуге тиіс. Бірақ бұл істе банк оны дәлелдей алмаған. Сондықтан судья Стефенсон заңды тұлғаның (яғни банктің) міндеттері мен құзыретіне мұқият үңіліп, иммунитет беруден бас тартқан, яғни құрылымды қалыптастыру мен қызмет барысында оның құзыреті, міндеттері мен тұлғаға қатысты бақылауы анықталады.

1978 жылғы Мемлекеттің иммунитеті туралы заңның 14(1)-бабына сәйкес: мемлекет иммунитетінің құрамына оның суверені немесе мемлекет басшысы, үкіметі және сол үкіметтің департаменттері кіреді. Бірақ «атқарушы органдардан бөлек әрі сотқа бере алатын және өзі де сот алдында жауапқа тартылуы мүмкін» кез келген ұйым бұл санатқа жатпайды.

Жоғары лауазымды тұлғалардың иммунитеті

Мемлекет басшыларына байланысты, көбінесе, *ratione personae* иммунитет проблемасы анағұрлым жиі туындайды. Иммунитетке қатысты мұндай проблема халықаралық трибуналдарда туындауы мүмкін. Мемлекет басшылары мен үкіметтің басқа да жоғарғы лауазымды тұлғаларына қатысты юрисдикция халықаралық трибуналдың шартымен байланысты.

1919 жылғы Версаль шартында (атап айтқанда 227-бабында); 1945 жылғы Халықаралық Нюрнберг әскери трибуналы жарғысының 7-бабында; Югославия мен Руанда жөніндегі халықаралық қылмыстық трибуналдар жарғыларының 6-7-баптарында, 1998 жылғы Халық-



аралық қылмыстық соттың Рим жарғысында (24-бабы); Сьерра-Леоне жөніндегі арнайы соттың жарғысында (атап айтқанда 6(2)-баптары) адам ресми жоғары статусына қарамастан қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін екені жазылған. Ал ұлттық соттар алдындағы иммунитет мәселесі әлдеқайда күрделі. Ең алдымен, мемлекет басшысы статусын анықтау сол қарастырылып отырған тұлға мемлекетінің ішкі құқықтық тәртібіне байланысты. Republic of the Philippines v. Marcos (Филлипин мемлекеті мен Маркос арасындағы) істі қараған АҚШ-тың екінші округ апелляциялық соты ерлі-зайыпты Маркостар, яғни биліктен күшпен кеткен Филиппин көшбасшысы Маркос пен оның әйелінің иммунитетке арқа сүйеуге құқығы жоқ деп шешті. Ал Төртінші округтың апелляциялық соты In re Grand Jury Proceedings, Doe No. («Ұлы Жюри») ісінде мемлекет басшысының иммунитеті, негізінен, мемлекеттегі жеке тұлғаның құқығы емес, керісінше, мемлекеттің егемендігінің белгісі екенін айта келе, шешім қабылдар кезде иммунитетті алып тастау мүмкіндігін анықтау керек деп мәлімдеді.

US v. Noriega (АҚШ пен Норьега) арасындағы істе округтық сот мемлекет басшысының иммунитеті халықаралық әдет-ғұрып құқығына негізделгенін, бірақ, ондай иммунитетті қолдану үшін үкіметтің лауазымды тұлғасын ресми түрде мемлекет басшысы ретінде тану қажеттігін айтты. Ал АҚШ генерал Норьеганы Панаманың мемлекет басшысы ретінде ресми танымаған. Бұл көзқарасты АҚШ-тың Он бірінші округінің апелляциялық соты да қолдап, сот органдары атқарушы билікке шетелдік сувереннің (билеушіге) үстінен юрисдикция мәселесі туралы сауал жолдағанын, ал АҚШ-тың атқарушы билігі Норьегаға қатысты жағдайда ол мемлекет басшысы статусына ие емес екенін ресми мәлімдегенін айтты. АҚШ-тың атқарушы билігі бұл шешімінде генерал Норьеганың билікке ешқашан Панама конституциясына сай келмегенін және Панама үкіметі оған қатысты иммунитетке жүгінбегенін, сондай-ақ оған Норьегаға жеке басын заңсыз байыту жөнінде айып тағылғанын алға тартты.

Округтің соты First American Corporation v. Al-Nahyan ісінде Шетелдік егемен иммунитет туралы заң АҚШ үкіметінің мемлекет басшыларының иммунитеті туралы АҚШ үкіметінің қандай да бір мемлекет басшысына қатысты иммунитетті қолдану туралы ұсыныс жасауға кедергі болмайтынын әрі бұл ереже барлық соттарға міндетті екенін мәлімдеді. Ал, АҚШ жоғарғы соты Сомалидің бұрынғы премьер-министрі және қорғаныс министрі болған лауазымды тұлғаның бұйрығымен жасалған қылмыстық істер (зорлау, азаптау, сотсыз адам өлтіру) үшін өтемақы талап еткен Samantar v. Yousef (Самантр мен Юсуф) ісінде иммунитет туралы талап қоя алмайтынын айтты. Себебі АҚШ-тың Шетелдіктердің егемен иммунитеті туралы заңы шетелдік үкіметтің жекелеген шенеуніктеріне қойылатын талапқа қатысты емес. Мұндай тұлғалар иммунитетке арқа сүйеп, жауапкершіліктен жалтара алмайды.

Дегенмен М.Шоу бұл да АҚШ сотының мұндай иммунитетті ағылшын ортақ құқығына инкорпорацияланған халықаралық әдет-ғұрып нормаларының негізінде қарауына, әсіресе АҚШ мемлекеттік департаментінің ол адамға иммунитет беру туралы ұсынысын орындауына кедергі бола алмайды деп пайымдайды. Бұған тікелей қатысы бар тағы бір фактор – сотқа талап-арыз беруге негіз болған әрекет әдеттегі үкіметтік функциялардың аясында қалыпты санала ма, саналмай ма деген мәселеге қатысты.

Ұлыбританияның Мемлекеттің иммунитеті туралы заңының 14(1)-бабында ресми қызмет атқарушы мемлекет басшыларында иммунитет бар екені жазылған. Дегенмен мемлекет басшысына тән мұндай иммунитеттің деңгейі 1964 жылғы Дипломатиялық артықшылықтар туралы заңдағы дипломатиялық өкілдік басшысының иммунитеті деңгейіне теңестірілген. Бұл заңға сәйкес тұлғаның иммунитетке құқығы иммунитеті сол мемлекеттен кеткен сәттен бастап тоқтатылады. Әйтсе де, тұлғаның қызметі барысында жасаған әрекеттеріне иммунитет сақталады.

Апелляциялық сот Prince Abdul Aziz v. Harb (Абдул Азиз ханзада мен Харб арасындағы) ісінде мемлекеттің бұрынғы басшысының жеке іс-әрекеті үшін иммунитетке арқа сүйей алмайды деген шешім қабылдады. Бұл норма мемлекет басшысы лауазымынан кеткенде немесе ол өмірден озған кезде де қолданылады. Халықаралық құқықта да мемлекет басшысының ресми әрекеттері мен жеке басының әрекеттерінің айырмашылығы көрсетілген. Азаматтық істерде талап-арыз жеке басының әрекеттері үшін әдетте мемлекеттің лауазымды басшыларына сот юрисдикциясынан иммунитет берілмеуі мүмкін. Дегенмен мемлекеттің билігінде отырған басшының *ratione personae* иммунитеті немесе абсолютті иммунитеті болады. Ешқандай



шетелдің соты мемлекет басшысына қатысты юрисдикциясын жүргізе алмайды. Бұл *Tachiona v. USA* (Ташиона мен АҚШ) ісінде Зимбабве президенті Мугабениң иммунитеті бар ма деген мәселені қараған кезде нақты қолданылды. Ал, бұрынғы мемлекет басшысы функционалдық иммунитет мәртебесіне (*ratione materiae*) ие болады, яғни оның иммунитеті тек мемлекет басшысы лауазымында отырған кезде атқарған істеріне қатысты ғана қолданылады. Бірақ халықаралық құқық нормаларын бұзатын әрекеттер ресми әрекет болып саналмайды.

Иммунитеттен бас тарту

Мемлекет соттың юрисдикциясынан қорғайтын иммунитетінен бас тартуы мүмкін. Бұл туралы мәлімдемені мемлекеттің уәкілетті органының атынан құзырлы өкілі жасайды. Бірақ юрисдикциядан иммунитетте бас тарту сот шешімін орындау иммунитетінен бас тартуды білдірмейді. Егер мемлекет иммунитеттен бас тартатын болса, онда іске басқа тараптармен бірдей деңгейде қатысады. Іс басқа жауапкерге қатысты болған кезде иммунитеттен бас тарту жүзеге аспайды. Ал егер мемлекеттің иммунитеті юрисдикцияны жүргізуге бірден-бір кедергі болса, иммунитет беруден бас тарту туралы шешімі қабылданады. Иммунитеттен ишара жолымен бас тартуға болады. М.Шоудың айтуынша, ондайға баға берген кезде абай болған жөн. Егер юрисдикцияны мойындаған кезде және юрисдикцияны мойындайтыны туралы алдын ала немесе дау туғаннан кейін жазбаша келісім берсе, мемлекетке юрисдикция жүреді. Сондай-ақ егер мемлекет иммунитеті бар екенін мәлімдеместен сот процесін бастаса немесе сот процесі кезінде кез келген әрекетке барса, онда мемлекет сөз юрисдикциясына бағынады деп саналады.

Егер мемлекет сот юрисдикциясына бағынса, ол өзіне қарсы кез келген талап-арыз бен фактіні қабылдауға келісім береді. Сонымен қатар, сот шешім қабылдаған соң тараптардың біреуі апелляцияға берсе, алғашқы инстанцияда иммунитеттен бас тарту апелляциялық соттың юрисдикциясына жеткілікті. Мемлекеттік иммунитет туралы заңға сәйкес, шағымды арбитражға беруге келісім берген мемлекеттің сол арбитраждық сотта иммунитеті болмайды.

Апелляциялық сот *Svenska Petroleum v. Lithuania* (Свенска Петролиум мен Литва арасындағы) істе арбитраждың өз юрисдикциясынан тыс дау бойынша шығарған шешіміне шағым түсіруден бас тартқаны Литваның осы дауды арбитраждың қарауына тапсыру туралы жазбаша келісім бергенімен тең деп қабылдауға болмайтынын мәлімдеген. Сондай-ақ бұл істе сот Мемлекеттің иммунитеті туралы заңның 9-бабын шетелдік арбитраждың шешімін орындау қажеттігін білдіретін айрықша норма ретінде қарастыруға болмайтынын (әсіресе, арбитраждың шешімін орындауға қатысты 13-баптың контекстінде) айтқан. Сондай-ақ арбитраж келісім бойынша жүзеге асырылған процедура екені және 9-бөлімде, аталған қағидат – мемлекет арбитражға жүгінуге келісімін берсе, бұл арбитраж жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет процесс талаптарына келісімін бергенін білдіреді.

Соттың істі қарауына ыңғайлы болуы үшін, яғни істі қарау барысындағы процедуралық тәртібі мен шараларына, сондай-ақ түпкілікті сот өндірісі мен, сот шешімі, кез келген апелляциялық шағымға бағыну үшін иммунитеттен бас тарту және сот юрисдикциясына келісім қайта қаралмауы тиіс. Сот юрисдикциясына мұндай келісім, шет мемлекеттің қатысы бар сот ісіне қатысты ішінара шектеулі болмауы тиіс, әрі басталған сот процесі аяғына дейін жетіп, қорытынды шешім шығармайынша ол уақытша сипатта да бола алмайды.

Қысқаша қорыта айтар болсақ, мемлекет бір рет иммунитеттен бас тартса, оны қайтарып алу қиын. Сонымен қатар, иммунитеттен бас тарту ішінара шектеулі немесе уақытша болмайды.

Орындаудан иммунитет

Сот шешімін орындаудан қорғайтын иммунитет юрисдикциядан иммунитетке қарағанда сәл бөлектеу. Орындаудан бас тарту мемлекеттердің арасындағы қатынаста қиындық тудырады және мемлекеттер юрисдикциядан иммунитетіне сүйеніп, өз иммунитеттерінің шектелгенін қаламайды. Юрисдикцияға келісімін беру сот шешімін орындауға келісім беруді білдірмейді.



1972 жылғы Мемлекеттің иммунитеті туралы Еуропа конвенциясына сәйкес, қатысушы мемлекеттің келісімсіз оның мүлкіне қатысты сот шешімін орындауға және қарапайым шараларды жүзеге асыруға тыйым салынған. Сондай-ақ Юрисдикциялық иммунитеттер туралы БҰҰ конвенциясына сәйкес сот шешімі шыққаннан кейін ешқандай шектеу шаралары қолданылмайды. Мемлекет оған халықаралық шарт, арбитраждық келісім, жазбаша контракт немесе сотқа жазбаша мәлімдеу арқылы келісім беруі керек. Алайда сот шешімін орындаудан иммунитет коммерциялық мақсаттағы мүліктерге қатысты туындамайды.

Ұлыбритания Жоғарғы соты *SerVaas v. Rafidain Bank* (СерВаас пен Рафидэйн банк) арасындағы істе «коммерциялық мақсаттағы» деген сөзді контекстегі табиғи және қарапайым мағынасында түсіну керектігін, оны қарапайым коммерциялық мәмілелер аясынан тыс түсінуге болатынын, мысалы, мемлекет есепшотты тек коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру үшін ашқанын түсіну керектігін айтқан. Дегенмен мемлекеттің орталық банкіне немесе басты қаржылай органына аталған ереже қолданылмайды. *AIC Ltd v. Federal Government of Nigeria* ісінде көрсетілгендей, абсолютті иммунитет шетел мемлекетінің орталық банкінің мүлкіне қатысты қолданылады. Бұл ретте орталық банк шотындағы ақшалай қаражаттың қайнар көзі немесе қандай мақсатпен шоттың қолданылатындығы маңызды емес.

Ал *AIG Capital Partners Inc. v. Republic of Kazakhstan* (ЭйАйДжи Кэпитал Партнерс пен Қазақстан Республикасы) арасындағы істе заңда аталған «меншік» ұғымына кең мағына беру керектігі, бұл ұғымға нақты және жекеменшік, соның ішінде құқықтық және шарт жүзіндегі құқықта мүдделер де кіретіні айтылған. Егер мүлік Орталық банктен алынған болса, ол орталық банкке тиесілі болып саналады.

Дәлелдеудің стандарты мен міндеті

Мемлекеттің иммунитеті туралы заңның 1-бабында мемлекеттің Ұлыбритания сотының юрисдикциясынан иммунитеті бар екені айтылған. Әйтсе де, иммунитеттің жоқ екенін шағым берушінің өзі дәлелдеуі керек. Мемлекеттік иммунитет туралы заңда көрсетілген иммунитет нормасының дұрыс қолданысын сот өзі қамтамасыз етуі тиіс. Сот, қажет болған кезде, өз бастамасымен бұл мәселені көтере алады.

Дәлел стандартының мысалы ретінде, Апелляциялық соттың *Maclaine Watson v. Department of Trade and Industry* (Маклэйн Уатсон мен Ұлыбританияның Сауда және индустрия департаменті арасындағы) іске қатысты шешімін келтіруге болады. Аталған шешімде «иммунитет туралы мәселе туындаса, сот оны басты назарға алуы тиіс. Оның үстіне сот мүмкіндіктердің тепе-теңдігін сақтауға тиіс. Бұл жерде қарапайым дауға жүргізілетін тексеріс (тест) жеткізіліксіз. Өйткені даулы жағдайға тексерістің шешімі тек қана аффидевит (яғни антпен мәлімденген) дәлелдер негізінде қабылданады».

Шетелдік мемлекетке қызмет көрсету үрдісі *Westminster City Council v. Government of the Islamic Republic of Iran* ісінде көрініс тапты. Бұл істе судья Петер Гибсон сот Иран үкіметіне алдын ала қызмет көрсетпей тұрып негізгі мәселеге көше алмайтынын, яғни Вестминистр қаласы кеңесінің Иран үкіметінен 1980 жылғы шабуыл кезінде Иран елшілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз еткен ғимаратты қайтарып алу үшін шағым бере алмайтынын мәлімдеген. Мемлекеттік иммунитет туралы заңға сәйкес, «мемлекетке қарсы берілген кез келген арыз-шағым, сотқа шақырту мен басқа да құжаттар Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігі арқылы берілуге тиіс». Алайда Иран мен Ұлыбритания арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың болмауы себепті шағымды заң нормасына сай, яғни Иран келісімі арқылы қанағаттандыру мүмкін болмады.

Сұрақтар

1. Заңды тұлға мен жеке тұлғаның юрисдикциясы мен иммунитеті арасындағы айырмашылық неде?



Кітап: Халықаралық құқық, II

Дәріс: 2. Юрисдикциядан иммунитет. 2-бөлім

2. Юрисдикциялық иммунитеттен бас тарту мемлекетке неге қажет?
3. Сот иммунитетінен бас тартудың салдары қандай болады?

Әдебиеттер

1. T. Lee and J. Quigley, *Consular Law and Practice*, 3rd edn, Oxford, 2008 Satow's *Diplomatic Practice* (ed. I. Roberts), 7th edn, Oxford, 2017.
2. The United Nations Convention on Jurisdictional Immunities of States and Their Property (ed. R. O'Keefe and Tams), Oxford, 2013.